ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

О. Х. МҰХАТОВА
Б. А. ЖҰМАТАЕВА

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА АРХИВІНІҢ ҚЫЗМЕТІ



Оқу құралы

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

О.Х. Мұхатова
Б.А. Жұматаева

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМА АРХИВІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

*Оқу құралы*

Алматы
«Қазақ университеті»
2018

ӘОЖ 930.25(075)
КБЖ 79.3я73
М 87

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 4 мамыр 2018 жыл)*

**Пікір жазғандар:**
тарих ғылымдарының докторы, доцент ***Қ.Ш. Әлімғазинов***
тарих ғылымдарының кандидаты ***С.А. Сатаева***

**Мұхатова О.Х.**
М 87 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің қызметі: оқу құралы / О.Х. Мұхатова, Б.А. Жұматаева. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 246 б.
**ISBN 978-601-04-3524-7**

Оқу құралында Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивінің құрылуы баяндалады. Архивтің халықаралық байланыстары және заманауи қызметін ұйымдастыруды жетілдіру жолдары анықталады. Ғылыми-техникалық құжаттама архивіне арналған негізгі ережелер, ОМҒТҚ архив қорларына құжаттарды қабылдау, сараптамадан өткізу, тіркеу, толықтыру, сақтауды қамтамасыз ету, пайдалануды ұйымдастыру тәртібі қарастырылады. ОМҒТҚ архиві қорларындағы ғылым мен техника тарихына қатысты құжаттар сипатталады, олардың қысқаша мазмұны көрсетіледі. Жеке тектік қорларға шолу жасалады.

Оқу құралы студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, архивтану және құжаттану пәндерінен дәріс беретін оқытушыларға, зерттеушілерге арналған.

**ӘОЖ 930.25(075)**
**КБЖ 79.3я73**

ISBN 978-601-04-3524-7

© Мұхатова О.Х., Жұматаева Б.А., 2018
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері көптеген салаларда үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Сондай салалардың бірі – архив ісі. Архив ісі елдің тарихын жазып зерттеуде, мемлекеттік маңызы бар құжаттарды сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отыруда үлкен рөл атқарады. Қазақстанның мемлекеттік архивтері құрылу кезеңінен бері айтарлықтай жақсарып, көп жетістіктерге жеткен. Соның арасында ғылыми-техникалық құжаттама архивінің өзіндік орны бар. Ол ғылыми-зерттеулер, жобалар, мекемелердегі конструкторлық, технологиялық, сондай-ақ ғылыми-өндірістік бірлестіктер мен зерттеу институттарының арнайы құжаттарымен қоса қала құрылысы мен сәулет өнерінде еңбек еткен өз заманының озық ойлы ғалымдары мен белгілі өкілдерінің асыл мұрасын қорларында жинақтап, көздің қарашығындай сақтап, қызығушылық танытатын ізденушілерге ұсынып отырған бірегей архив болып табылады. Көпшілік зерттеушілердің назарына іліне бермеген, қазіргі уақытта қолжетімді болып саналатын архив құжаттарының экономикалық, әлеуметтік, мәдени маңызы өте зор. Нарықтық қатынастар белең алған қазақстандық қоғамда өндірістің тиімділігін арттыруға, өнімнің көлемін өсіріп, сапасын жақсартуға, республиканы озық елдердің қатарына қосуға септігін тигізетін архив құжаттарының мәні терең, мазмұны бай. Бір кездерде ұлт зиялылары мәдени-сәулет, қала құрылысы, өндіріс және жобалық конструкторлық, жазба-сызба ескерткіштерді жинақтап жаңғыртуда Отан тарихындағы тәжірибелерді, ғылыми-зерттеулер мен жаңалықты ұлт иелігіне беруді армандаған еді. Сол арманға Қазақстан XX ғасырдың 70-жылдары қол жеткізді.

Тарихи кезеңдерді сараптау арқылы жаңа заманның талабы бойынша ақпараттық даму үдерісінде ғылыми-техникалық құжаттардың және оның негізінде қалыптасатын архивтердің мемлекеттік ақпараттық қордағы орны маңызды екендігі сөзсіз. Қырық жылдан астам ғұмыры мен тәжірибесі бар Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архиві қорларындағы құжаттар отандық ғылым мен техниканы дамытуға, өндірісті ұйымдастыру мен жобалау барысын-